

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

06 «қыркүйек» 2021 жыл

Қаралатын мәселе:

1. Бөбекжай – балабақшаның педагог кадрларымен танысу.
2. Қызметкерлердің іс – қағаздарымен танысу.
3. Баланың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру.

Меңгеруші Сыздыкбекова Жупаркуль Саттаровна педагогтармен, тәрбиешілермен танысып, білімдерін анықтады. Тәрбиешілердің өз біліктілігін жетілдіру курсынан өту керектігін және аттестация тапсыратын тәрбиешілерге өтініш өткізулерін айтты. Қызметкерлердің іс – қағаздарымен балабақша әдіскері С.Байболова таныстырып өтті. Қазіргі таңда сырттай оқып жүрген педагогтар, жоғары оқу орнын қайта оқу керек педагогтар тізімін оқып шықты. І-ші және ІІ-ші санатты тәрбиешілер тізімін айтты. Келесі кезекте меңгеруші Жупаркуль Саттаровна мектепке дейінгі ұйым – тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы деді.

Сондықтан балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу болып табылады.

Негізгі міндетіміз:

1. Баланың жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру.
2. Білім құмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін – өзі көрсету қабілетін дамыту.
3. Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасау.
4. Ата – аналармен тығыз байланыста болу.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Тажибекова Гулжан Пернебаевна былай деді: Шығармашылықпен айналысатын адам мақсатты сезінеді, алдына міндет қояды және оның шешімін іздейді. Сонымен қатар шығармашылық үдерісте ішкі түйсіктің, елестетудің, қиялдың да орны ерекше.

«Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару» «Іздену» «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді деді. Мектепке дейінгі кезең бейнелеу арқылы ептілікті қалыптастырудың негізгі кезеңі болып табылады. 2-3 жаста балада қарындашты дұрыс ұстай білу дағдылары қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабылдауы танымдық және практикалық іс-әрекетпен байланысты. Оқыту барысында әртүрлі техникалық әдістерді және бейнелеудің түрлі нұсқаларын шығармашылық дамуына негіз болатынын айтты. Келесі сұрақ бойынша меңгеруші Сыздыкбекова Жупаркуль Саттаровна «Балабақшада дене тәрбиесін мазмұнды жүргізу жолдары» жайлы әңгімеледі.

ШЕШІМІ:

1. Өз білімін жетілдіру курсына баратын педагогтардың тізімі жасалсын.
2. Аттестациялаудан өтілетін тәрбиешілердің өтініші қаралсын.
3. Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасалсын.
4. Ата – аналармен бірігіп жұмыс жасау жолдары жақсартылсын.



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі:

Сыздыкбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2

01 «қараша» 2021 жыл

Қаралатын мәселе:

1. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талап.
2. Тамақтану орны және ыдыстарды тазалау тәртібі.
3. Тамақтануды ұйымдастыруда қызметкерлердің рөлі.

Балабақша аспазшысы сөз алды: балаларды тамақтандыру өнімдердің құрамындағы негізгі тағамдық заттардың өсіп келе жатқан ағзаны физиологиялық қажеттіліктермен қанағаттандыратындай толық және әр түрлі болуы тиіс. Біз ас мәзірін құрғанда үлкен мән беруіміз керек, әрине, бұл тағам тізімі бойынша ұсынылған он күндік ас мәзірі негізінде құрастырылады.

Кіші жас тобында баланы тамақтандыру кезінде үлкен мән беру қажет. Тағамды алдын ала ыдысқа құйып суытып беру, нанды майдалап турау, шәйді суытып беру т.б. үлкен топтарда кезекшілікті ұйымдастыра білу, баланы үстел үстін ас мәзіріне дайындауға қатыстыру машығына үйрету керек.

Келесі сөз кезегін мейірбике Игиликова А.Б алды: баланы тамақтандыру кезінде тәрбиешілерге баланың асты дұрыс шайнауын, қасықты дұрыс ұстауын үйрету керектігін айтты.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна: таңертеңгілік астың дер кезінде уақытылы пісіліп, таратылуына аспазшы жәе мейірбике: Игиликова А.Б жауапты екенін атап айтты. Топтағы тамақтануды ұйымдастыруға қажетті жағдай жасау керек- деді.

Атап айтқанда: топтағы ыдыстардың жағдайын анықтау саны мен сапасын көріп шығу керектігін тапсырды.

ШЕШІМІ:

1. Алдын – ала 10 күндік ас мәзірін түзу, дәрумендіру аспазшы және қоймашыға жүктелсін.
2. Тәрбиешілерге баланы үстел үстін ас мәзіріне дайындауға қатыстыру машығына үйрету тапсырылсын.

3. Тамақтану орны және ыдыстардың тазалау тәртібін қадағалау мейірбике Игиликова А.Б жүктелсін.

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі: Сыздықбекова Ж.С**

Хатшы: Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

07 «қаңтар» 2022 жыл

Қаралатын мәселе:

1. Музыкалық тәрбие берудің маңызы мен міндеттері.
2. Баланың эстетикалық талғамын дамыту.
3. Ертеңгіліктерге арнайы костюмдер дайындау жайлы.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна: балабақшада берілетін тәрбиенің бір саласы музыкалық эстетикалық тәрбие екенін атап айтты.

Музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз – сұлулықты, көркемдікті сездірітіп үйрету екенін айта келе.

Сондай сұлулық пен көркемдікті тек көріп қана қоймай өз бойына сіңіре білуді әдет – дағдыларына айналдыру қажет екенін айтты.

Осы маңызды міндетті орындау үшін баланың жалпы музыкалық қабілетін дамыту керек. Әдіскер Гулжан Пернебаевна: біздің тәрбиешілерімізге және ән жетекшіміз Раева А.А қойылатын талап биік болмақ – деді.

Балабақша бүлдіршіндерінің өнерге деген құштарлығын арттырудың бірден бір жолы – сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдатып, әсіресе ұлттық аспаптарды тыңдату – деді.

Баланың музыка сырын түсіне білуіне жол ашу керек. Қазақ тобы балаларын үйретуге ән жетекшісі қажет-ақ. Баланы қай нәрсеге қызықтыра білсең, сәби қабілетенің ұшан – теңіз екендігіне көз жеткіземіз. Біздің басты міндетіміз, Егеменді еліміздің қадір – қасиетін қастерлеп, отанды, туған жерді сүйуге тәрбиелеу, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізге деген сүйіспеншілікті оята білу керек деді.


Екінші сұрақ бойынша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна сөз алды. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа тәсілдерін

жете меңгеріп оны балалардың психологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды пайдаланудың мәні ерекше. Балабақшада тәрбие мен білім бере отырып өнерге баулу қатар жүреді. Әсіресе музыкамен шұғылдану баланың жеке басының дамуына көмектеседі.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Бір бала ән айтуға, екіншісі би билеуге қабілетті болып келеді. Баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ерте бастасақ соғұрлым оның мүмкіндігі толық ашылады. Музыка арқылы баланың эстетикалық талғамы дамиды. Музыка-адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыка әлемі-адамзат мәдениетінің байлығы. Балалар ән айтуды да, тыңдауды да жақсы көреді. Балабақшада білім мен тәрбие қатар жүргендіктен сан алуан іс-шаралар, ертеңгіліктер, ұйымдастырылған оқу қызметі тәрбие кештерінде балалар өз өнерлерін толық көрсете алады. Сол себепті ән жетекшісі Раева А.А балаларға оқу іс-әрекетінен тыс уақытта Отан, туған жер, ел, достық ана туралы жан жақты тақырыпта әндер, билер үйретуді жүктеді:

ШЕШІМІ:

1. Топтарда ұлттық билерді үйрету, қажетті костюмдерді толықтыру әдіскер Гулжан Пернебаевнаға тапсырылсын.
2. Ұлттық аспаптар оркестрін ұйымдастыру ән жетекшісі Раева А.А жүктелсін.
3. Жаңа әндер мен билерді, ойын түрлерін ұсыну тәрбиешілерге жүктелсін.

ЖІС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі:  Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

01 «наурыз» 2022 жыл

Қаралатын мәселе:

1. «Кішкентай ханшайым» байқауын ұйымдастыру туралы.
2. «Наурыз» мерекесінің мерекілік ертеңгілік сценариін бекіту.
3. Адамгершілік-адамға тән асыл қасиет.

Бөбекжай – балабақша әдіскері Гулжан Пернебаевна топтар арасында өтілетін «Кішкентай ханшайым» байқауының ережесімен педагог мамандарға таныстырды.

Әуен залын безендіру жұмыстарын тәрбиешілерге жүктеді. Балалардың өнерін , яғни ән, билерін қоюды ән жетекшісі Раева А.А жүктеді. Сән үлгісін дайындау тәрбиеші мен ата – аналарды қатыстыру тапсырды.

«Наурыз» мерекесінің ертеңгілік сценариі талқыланып бекітілді.

Келесі кезекте балабақша әдіскері Гулжан Пернебаевна: Адамгершілік тәрбиесі-тұлғаның әлеуметтік ортада тіршілік етуіне қажетті қоғам талабына сай балалар бойында тұрақты моральдық қасиеттерді, нормалар мен адамгершілік идеяларды, жалпы адамгершілік құндылықтарды адамгершілік қасиеттерді үйрету деді.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты: жалпы адамзаттың құндылықтарға негізделген тұтас тұлғаны қалыптастыру. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен біздердің басты міндетіміз деді. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет.

Балалық өмірдің ең қызықты кезеңдері балабақшада өтеді. Ал бала үшін негізгі тұлға-тәрбиеші болып абылады. Ол баланың бойына адамның асыл қасиеттерді сіңіреді. Балаға білім беру,

тәрбиелеу ісіне күш-жігерін салып, бар білгенін, өнерін үйретіп тәрбиелейді,- деді.

Келесі сұрақ бойынша ән жетекші Раева А.А 8-наурыз, 22-наурыз мерекелерінің ертеңгілігін сценариінің кестелерін бекітті.

ШЕШІМІ:

1. Топтар арасында «Кішкентай ханшайым» байқауы өткізілсін.
2. «Наурыз» мерекесіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру әдіскер Гулжан Пернебаевнаға жүктелсін.

**ЖІІС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі:**



Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

04 «мамыр» 2022жыл

Қаралатын мәселе:

1. Балабақша аймағының санитарлық жағдайы.
2. Педагогтардың есеп беруі.
3. Балалардың балабақша қатысуын және ата – аналардың төлем ақысы туралы.

Балабақша медбикесі Игиликова А.Б сөз кезегін алды. Топтардың тазалығы жайлы айтып өтті. Топтарда сантехникалық жағдайдың нашар екенін айтып, қажетті құралдарға тәрбиешілер тапсырыс берді.

Балабақша аймағы қоқыстан тазартылып, қоқыс орны арнайы сеткамен тартылған жайлы айтып әр сәрсенбі, сенбі күндері сенбілікке шығып жатқандары туралы атап айтты.

Келесі сұрақ бойынша әдіскер Гулжан Пернебаевнаға барлық топтың тәрбиешілері атқарылған жұмыстар жайлы есеп бергендігін мәлімдеді.

Меңгеруші Жупаркуль Саттаровна топ бойынша , тізім бойынша тәрбиешілерден келмеу себебін анықтады. Бала санының азайып кетуі жайлы, ата – аналармен кездесу өткізіп, сұхбат жүргізілгенін айтты. Анықталғандай топта бала саны ата – аналардың демалыс алуына байланысты екені айтылды. Есепші Еркін А.Е ата – аналардың балабақшаға төлем ақыларын банк арқылы уақытылы төлеу қажеттілігін атап айтты. Уақытылы төлей алмайтын ата – аналарды шақырып немесе жұмыс орындарына төлеп беруін талап ету керектігін атап айтты.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша аймағының санитарлық тазалық үнемі қадағалансын.

2. Топтарда бала санының толықтығы үнемі бақылауға алынсын.
3. Ата – аналардың балабақшаға төлем ақыны уақытылы төлеуі қатаң қадағалансын.



**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі:**

Сыздықбекова Ж.С

Хатшы:

Үсенова С.М

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №6

02 «шілде» 2022 жыл

Қаралатын мәселе:

1. Балабақшаны ағымдағы жөндеуден өткізу, техникалық қауіпсіздік шаралары.
2. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойынша жұмыс жоспарының орындалуы.
3. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша іс – шаралардың орындалуы.

Балабақша меңгеруші Жупаркуль Саттаровна балабақша қызметкерлерімен жөндеу жұмыстары кезінде техникалық қауіпсіздік шараларын сақтау жайлы біршама ережелерін айтып өтті.

Топтарда балаларды жалғыз қалдырмау, бала денсаулығы мен өмір қауіпсіздігіне аса жауапкершілікпен қарау керек екенін баса назарға алуларын міндеттеді.

Топтарға ағымдағы жөндеуге қажетті құрылыс материалдарын алу керектігін, қандай материал қажеттілігінің тізімін құрып, балабақша есепшісі Еркін А.Е сұраныс жасауды меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева А.Д жүктеді.

Келесі сұрақ бойынша азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойынша жұмыс жоспарының орындалуы жөнінде жауапты Төлебасиева А.Д есеп берді. Балабақшада өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша ересек топтарда балалармен ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін өткендерін және өрттен сақтау, құтқару жаттығуларын жүргізгендігін мәлімдеді.

Қызметкерлерге тұрғын үйлерде жылыту пештерін орналастыру кезінде өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелеріне міндетті талаптар мен жылыту пешін пайдалану кезінде салынатын тыйымдар жайлы айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаны ағымдағы жөндеуден өткізу кезінде техникалық қауіпсіздік ережелері сақталсын.
2. Өрт қауіпсіздік ережелері сақталып, алдын алу шаралары жүргізілсін.
3. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойынша жұмыстар жүргізілсін.

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі:  Сыздықбекова Ж.С



Хатшы:

Үсенова С.М